

## Өркенді ауылындағы саябаққа атау беру туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтарал ауданы Ынтымақ ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 23 ақпандағы № 11 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 29 наурызда № 3668 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14) бабының 4) тармақшасына сәйкес халық пікірін ескере отырып және Оңтүстік Қазақстан облысы ономастика комиссиясының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы қорытындысы негізінде

### **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Өркенді ауылында орналасқан саябаққа Патсаев Қаныбек атауы берілсін.
2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ауылдық округ әкімі*

*М.Ауаш*